

ОТЗЫВ

Зарубежного научного консультанта на диссертационную работу Ташмуханбетовой Индиры Беркинбаевны на тему **«Теплоизоляционные покрытия на основе тонкодисперсных минеральных зернистых систем»**, представленную на соискание доктора PhD по специальности 6D071000 – «Материаловедение и технология новых материалов»

Диссертационная работа Ташмуханбетовой Индиры Беркинбаевны является важной и значительной в развитии технологии создания теплоизоляционных материалов. В работе хорошо представлено введение, которое четко выделяет актуальность и важность исследования в области теплоизоляционных материалов на основе тонкодисперсных минеральных зернистых систем. Постановка задачи является ясной и конкретной.

Автор подробно описывает методологию исследования, включая выбор материалов, методы анализа и экспериментальные процедуры. Это способствует убедительности и достоверности результатов.

Результаты исследования представлены систематически и аналитически, что обеспечивает легкость в их понимании. Подробный анализ и обсуждение результатов помогают читателю понять вклад автора в данную область.

Автор представляет обоснованные выводы на основе проведенных исследований и формулирует практические рекомендации для дальнейших исследований и применения результатов.

Материалы работы опубликованы в научных журналах, включая те, которые входят в международную наукометрическую базу Scopus, широко поддержаны и обсуждены на международных конференциях. Это подтверждает их актуальность и интерес научного сообщества.

Ташмуханбетова И.Б. обладает качеством целеустремленности, трудолюбия, инициативности и самостоятельности, что отчетливо проявилось

во время работы над диссертационной работой. Эти качества характеризуют ее как самостоятельного ученого.

Как зарубежный научный консультант, я считаю, что диссертационная работа Ташмуханбетовой И.Б. демонстрирует высокий уровень научной компетентности и полностью соответствует академическим стандартам, установленным для получения ученой степени доктора философии.

Учитывая высокий уровень научной квалификации, проявленной Ташмуханбетовой Индирой Беркинбаевной в работе над диссертацией «Теплоизоляционные покрытия на основе тонкодисперсных минеральных зернистых систем» я рекомендую ее к защите на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности 6D071000 – «Материаловедение и технология новых материалов»

Зарубежный научный консультант,

академик РААСН,

доктор технических наук по специальности 05.23.01 –

Строительные конструкции, здания и сооружения,

профессор, заведующий кафедрой

«Строительные конструкции»

Института Архитектуры и Строительства

Мордовского Государственного

Университета им. Н.П. Огарева



Селяев В. П.

Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования «Национальный исследовательский Мордовский государственный университет имени Н. П. Огарёва» (ФГБОУ ВО «МГУ им. Н. П. Огарёва»),
430005, Республика Мордовия, г. Саранск, ул. Большевикская, 68.

Тел.: +7(8342) 47-71-56;

E-mail: ntorm80@mail.ru.

6D071000 - «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы»
мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға ұсынылған
Ташмуханбетова Индира Беркинбаевнаның
**«Жұқа дисперсиялы минералды түйіршікті жүйелер негізіндегі жылу
оқшаулағыш жабындар»** тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Ташмуханбетова Индира Беркинбаевнаның диссертациялық жұмысы жылу оқшаулағыш материалдарды жасау технологиясын дамытуда маңызды және елеулі болып табылады. Жұмыста жұқа дисперсиялы минералды түйіршікті жүйелерге негізделген жылу оқшаулағыш материалдар саласындағы зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығын нақты көрсететін кіріспе бөлімі жақсы көрсетілген. Міндеттің қойылуы айқын және нақты.

Автор зерттеу әдіснамасын, соның ішінде материалдарды таңдауды, талдау әдістерін және эксперименттік рәсімдерді егжей-тегжейлі сипаттайды. Бұл нәтижелердің сенімділігі мен дәйектілігіне ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері жүйелі және аналитикалық түрде ұсынылып, оларды түсінуді жеңілдетеді. Нәтижелерді егжей-тегжейлі талдау және талқылау оқырманға автордың осы салаға қосқан үлесін түсінуге көмектеседі.

Автор жүргізілген зерттеулерге негізделген қорытындыларды ұсынады және алда зерттеулер жүргізіп, нәтижелерді қолдану үшін тәжірибелік ұсыныстарды тұжырымдайды.

Жұмыс материалдары ғылыми журналдарда, соның ішінде Scopus халықаралық ғылыми-метрикалық базасына кіретін ғылыми журналдарда жарияланып, халықаралық конференцияларда кеңінен қолдау тапты және талқыланды. Бұл олардың өзектілігі мен ғылыми қоғамдастықтың қызығушылығын растайды.

И.Б. Ташмуханбетова диссертациялық жұмысты атқару барысында айқын көрінген мақсаттылық, еңбекқорлық, бастамашылық және дербестік сияқты қасиеттерге ие. Бұл қасиеттер оны тәуелсіз ғалым ретінде сипаттайды.

Мен, шетелдік ғылыми кеңесші ретінде, И.Б. Ташмуханбетованың диссертациялық жұмысы ғылыми құзыреттіліктің жоғары деңгейін көрсетеді және философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін белгіленген академиялық стандарттарға толық сәйкес келеді деп санаймын.

Ташмуханбетова Индира Беркинбаевнаның «Жұқа дисперсиялы минералды түйіршікті жүйелер негізіндегі жылу оқшаулағыш жабындар» диссертациясымен жұмыс істеу кезінде көрініс тапқан ғылыми біліктілігінің жоғары деңгейін ескере отырып, мен оны 6D071000 - «Материалтану және жаңа материалдар технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын

Шетелдік ғылыми кеңесші,
РААСН академигі,
05.23.01 - Құрылыс конструкциялары, ғимараттар
мен құрылыстар мамандығы бойынша техника
ғылымдарының докторы, профессор, Н.П. Огарев
ат. Мордовия Мемлекеттік Университетінің
Сәулет және Құрылыс Институтының
«Құрылыс конструкциялары»
кафедрасының меңгерушісі

/колы/

Селяев В.П.

дөңгелек мөр: «Н.П. ОГАРЕВ АТЫНДАҒЫ МОРДОВИЯ ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУ
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ» ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ
ФЕДЕРАЛДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІК БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ

«Н.П. Огарев ат. Мордовия Ұлттық зерттеу мемлекеттік университеті» жоғары білім берудің федералды мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі («Н.П. Огарев ат. МҰУ» ЖБ ФМББМ), 430005, Мордовия Республикасы, Саранск к., Большевикская көш., 68.
Тел.: +7(8342) 47-71-56;
E-mail: ntorm80@mail.ru.

Республика Казахстан, город Алматы,
Шестое января две тысячи двадцать четвертого года.

Перевод текста документа с русского языка на казахский язык выполнен переводчиком Онгаровой Ольгой Жекенбековной, 12.02.1990 года рождения, ИИН 900212400374 в городе Алматы, Республика Казахстан.

Подпись _____

Олга Онгарова Ольга Жекенбековна


Республика Казахстан, город Алматы,
Шестое января две тысячи двадцать четвертого года.

Я, Бултанкулов Уркен Бахытжанович, нотариус города Алматы Республики Казахстан, действующий на основании государственной лицензии № 17012502 от 11.07.2017 года, выданной Министерством Юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи, сделанной переводчиком Онгаровой Ольгой Жекенбековной, которая сделана в моем присутствии. Личность переводчика, установлена, дееспособность и полномочия проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 53

Взыскано: сто одиннадцать тенге государственная пошлина + одна тысяча восемьсот сорок шесть тенге услуги правового и технического характера.

Нотариус



Уркен Бултанкулов



ES2105960240106145346V57117A

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

